  - **[Сандық мөлдірлік] / [Pixel Plus] / [Pixel Plus HD]:** Сыртқы пикселдермен сәйкестендіру үшін әр пикселді нақты баптайды. Ол керемет, айқындылығы жоғары кескін жасайды.
    - **[HD Natural Motion]:** Таңдалған модельдерге арналады. Дірілдеу әсерлерін барынша азайтады және суреттің тегістігін жақсартады.
    - **[100Гц Clear LCD] / [120Гц Clear LCD]:** Таңдалған модельдерге арналады. Қозғалыстың бұлыңғырлығын азайтады және суретті анық етеді.
    - **[Қосымша айқындық]:** Жоғары сурет айқындылығын қосады.

- **[Қоз. контраст]:** Контрастын күшейтеді. **[Орташа]** параметрі ұсынылады.
- **[Қоз. артқы жарық]:** Жарық жағдайына сәйкес келтіру үшін теледидардың артқы жарығының ашықтығын реттейді.
- **[MPEG артефакт аз.]:** Сандық суреттердегі ауысымды түзетеді. Осы мүмкіндікті қосуға немесе өшіруге болады.
- **[Түсті күшейту]:** Түстерді жандандырып, ашық түстерді жақсарта түседі. Осы мүмкіндікті қосуға немесе өшіруге болады.
- **[Гамма]:** Таңдалған модельдерге арналады. Суреттегі көмескі түстің қарқындылығын реттейді. Қара мен аққа әсері тимейді.
- **[ДК режимі]:** Теледидарға ДК HDMI немесе DVI арқылы қосылғанда суретті реттейді.
- **[Жарық сенсоры]:** Ағымдағы жарық жағдайына негізделген параметрлерді белсенді түрде реттейді.
- **[Сурет пішімі]:** Сурет форматын өзгертеді.
- **[Экран жиектері]:** Көретін орынды реттейді. (Ең үлкен мәніне қойылғанда, бұрмалауды немесе кескіннің анық емес шетін көруіңіз мүмкін).
- **[Сурет жылжуы]:** **[Авто ұлғайту]** және **[Кең бейнебет]** басқа барлық сурет форматтары үшін сурет орнын реттейді.

## Сурет форматын өзгерту

- 1 **ADJUST** түймесін басыңыз.
- 2 **[Сурет пішімі]** таңдап, одан кейін **OK** түймесін басыңыз.
- 3 Сурет форматын таңдап, **OK** түймесін басыңыз.

## Сурет форматтары туралы қысқаша

Мына сурет параметрлерін конфигурациялауға болады.




### Есте сақтаңыз

- Сурет ресурсының форматына байланысты кейбір сурет параметрлері қол жетімді емес.



### **[Авто пішімдеу]:**

Таңдалған модельдерге арналады. (PC режиміне арналмаған.) Қолайлы сурет форматын автоматты түрде көрсетеді. Болмаса,, кең экран режимі қолданылады.



### **[Авто бояу]:**

Таңдалған модельдерге арналады. Экранды толтыру үшін суретті реттейді (субтитрлер көріне береді). Экран аз бұрмаланғанда ұсынылады, бірақ қатты дискіге немесе компьютерге арналмаған.



### **[Авто ұлғайту]:**

Таңдалған модельдерге арналады. Экранды толтыратындай етіп суретті үлкейтеді. Экран аз бұрмаланғанда ұсынылады, бірақ қатты дискіге немесе компьютерге арналмаған.



### **[Қосымша ұлғайту]:**


(HD және ДК режимі үшін емес) 4:3 таратылымдарының жан-жағындағы қара дақтарды кетіреді. Аз бұрмаланады.



### **[4:3]:**

Классикалық 4:3 форматын көрсетеді.





**[Кино кең.16:9]:** (HD және компьютер режимі үшін емес) 4:3 форматын 16:9 форматына өзгертеді.



**[Кең бейнебет]:**  
4:3 форматын 16:9 масштабына өзгерту.



**[Ауқымы анық емес]:**  
Тек HD және компьютер режиміне және тек тандалған модельдерге арналады. Айқындылығын барынша арттыруға мүмкіндік береді. Кейбір бұрмалану ақауы хабар таратушы мекемелердің жүйелерінен болуы мүмкін. Жақсы нәтижелер алу үшін компьютер ажыратымдылығын кең экран режиміне өзгертіңіз.

- **[ДРАМА]:** Драмалық бағдарламалар үшін ең қолайлы параметрлер.
- **[Спорт]:** Спорттық бағдарламалар үшін ең қолайлы параметрлер.

## Дыбыс параметрлерін қолмен реттеу

- 1 түймесін басыңыз.
- 2 **[Баптау]** > **[Теледидар параметрле]** > **[Дыбыс]** тармақтарын таңдап, **OK** түймесін басыңыз.  
↳ **[Дыбыс]** мәзірі шығады.
- 3 Келесі параметрлердің бірін таңдаңыз, одан кейін **OK** түймесін басыңыз.
  - **[Оптималды дыбыс]:** Алдын ала анықталған интеллектуалды дыбыс параметрлеріне кіру.
  - **[Қалпына келтіру]:** Зауыттық әдепкі параметрлерді қалпына келтіреді.
  - **[Дыбысты өшіру]:** Дыбыстың анықтылығын арттырады.
  - **[Бас дыбыс]:** Басс деңгейін реттейді.
  - **[Діріл]:** Жоғары жиілік деңгейін реттейді.
  - **[Қоршау]:** Кең тарамды дыбысты қосады.
  - **[Incredible Surround]:** (Тандалған модельдер үшін) Күшейтілген дыбыс әсеріне арналған күшейтілген кең тарамды дыбыс.
  - **[Құлаққап үнділігі]:** (Құлақаспаптары бар модельдер үшін) Құлақаспаптың дыбыс деңгейін реттейді.
  - **[Дыбыс деңгейін авто реттеу]:** Дыбыс деңгейінің кенеттен өзгеруін (мысалы, арналарды ауыстырғанда) автоматты түрде азайтады.
  - **[Теңгерім]:** Оң және сол жақ динамиктердің балансын дұрыстайды.
  - **[Сандық шығыс форматы]:** Сандық аудио шығыс коннекторы арқылы сандық аудио шығыс түрін таңдайды.
    - **[PCM]:** PCM емес дыбыс түрін PCM форматына ауыстырады.
    - **[Көп арналы]:** Аудионы үй кинотеатрына шығарады.

## Керемет дыбысты пайдалану

Алдын ала орнатылған дыбыс параметрлерін қолдану үшін керемет дыбысты пайдаланыңыз.

- 1 **ADJUST** түймесін басыңыз.
- 2 **[Оптималды дыбыс]** таңдап, одан кейін **OK** түймесін басыңыз.
- 3 Келесі параметрлердің бірін таңдаңыз, одан кейін **OK** түймесін басыңыз.
  - **[Жеке]:** Дыбыс мәзірінде реттелген параметрлерді қолданады.
  - **[Стандартты]:** Көптеген орталарға және дыбыс түрлеріне сәйкес келетін параметрлер.
  - **[Жаңалық]:** Жаңалықтар сияқты ауызша дыбыс үшін ең қолайлы параметрлер.
  - **[Кинотеатр]:** Фильмдер үшін ең қолайлы параметрлер.
  - **[Ойын]:** Ойындар үшін ең қолайлы параметрлер.

## Әмбебап қатынас мәзірін пайдалану

Бірінші рет рет орнатқан кезде әмбебап қатынас мәзірін іске қосуға болады. Қосқан соң, теледидарды немесе сыртқы құрылғыларды пайдаланып отырған кезде көру және есту қабілеті нашар адамдарға арналған мәзірлерге жылдам кіруге болады.

**1** Теледидарды көріп отырған кезде **⋮** **OPTIONS** түймесін басыңыз.  
↳ Теледидар опцияларының мәзірі шығады.

**2** **[Әмбебап кіру]** таңдап, одан кейін **OK** түймесін басыңыз.

**3** Келесі опциялардың біреуін таңдап, **OK** түймесін басыңыз.

- **[Есту бүлінген]:** Есту қабілеті нашар адамдарға арналған субтитрлерді қосады немесе өшіреді.
- **[Анық бүлінген]:** Кейбір сандық теледидардың телеарналары көру қабілеті шектеулі адамдарға бейімделген арнайы дыбыс таратады. Қалыпты дыбысты қосымша түсініктеме толықтырады. Түрлі түсті түймелерді опцияларды таңдау үшін пайдаланыңыз:
  - Қызыл **[Ажыратулы]:** көру қабілеті шектеулі адамдарға арналған дыбысты өшіру.
  - Жасыл **[Динамиктер]:** көру қабілеті шектеулі адамдарға арналған дыбысты тек динамиктерден есту.
  - Сары **[Құлақспап]:** көру қабілеті шектеулі адамдарға арналған дыбысты тек құлақспаптардан есту.
  - Көк **[Динамик + құлақспап]:** көру қабілеті шектеулі адамдарға арналған дыбысты динамиктер мен құлақспаптар екеуінен де есту.
- **[Аралас дб. деңг.]:** Көру қабілеті нашар адамдар үшін дыбыстың қаттылығын реттейді.

- **[Перне дыб.]:** Бұл функция қашықтан басқару пультіндегі немесе теледидардағы түймелер басылғанда дыбыстық реакция қосуға мүмкіндік береді.



### Keңес

- Опцияларға кіру үшін қашықтан басқару пультіндегі түрлі түсті түймелерді басыңыз.

## Озық телемәтін мүмкіндіктерін пайдалану

### Телемәтін опциялары мәзіріне кіру

Телемәтін параметрлері мәзірі арқылы телемәтін функцияларына кіргізеді.

**1** **TEXT** түймесін басыңыз.

↳ Телемәтін экраны шығады.

**2** **⋮** **OPTIONS** түймесін басыңыз.

↳ Телемәтін опциялары мәзірі шығады.

**3** Келесі опциялардың біреуін таңдап, **OK** түймесін басыңыз.

- **[Бетгі қат. тастау] / [Бетті босату]:** Ағымдағы бетті қатырады/қатыруды алады.
- **[Қос экран] / [Толық экран]:** Толық экранды және қос экранды телемәтін арасында ауыстырады.
- **[Т.О.Р. шолу]:** Беттер кестесі телемәтін таратылымдарын қосады.
- **[Үлкейту] / [Қалыпты көрініс]:** Телемәтін беттерінің үлкейтілген және қалыпты көрінісі арасында ауыстырады.
- **[Ашып көрсету]:** Жұмбақтардың немесе бас қатырғыштардың шешімдері сияқты беттегі жасырын ақпаратты жасырады немесе көрсетеді.
- **[Қос.бет.қай.айн.]:** Ішкі беттер қол жетімді болса, әр ішкі бетті ретімен автоматты түрде көрсетеді.
- **[Тілдер]:** Телемәтін тілін таңдайды.

---

## Телемәтіннің ішкі беттерін таңдау

Телемәтін бетінде бірнеше ішкі беттер болады. Ішкі беттер негізгі бет нөмірінің жанында көрсетіледі.

- 1 **TEXT** түймесін басыңыз.  
↳ Телемәтін экраны шығады.
- 2 Телемәтін бетін таңдау үшін **◀** немесе **▶** түймесін басыңыз.
- 3 Ішкі бетті енгізу үшін **◀** немесе **▶** түймесін басыңыз.

---

## Т.О.Р. таңдаңыз телемәтін хабарлары

Беттер кестесі (Б.К.) телемәтін таратылымдары арқылы бет нөмірлерін енгізбей, бір тақырыптан басқаға өтеді. Т.О.Р. телемәтін хабар таратулары таңдалған теледидар арналарында қол жетімді.

- 1 **TEXT** түймесін басыңыз.  
↳ Телемәтін экраны шығады.
- 2 **☰ OPTIONS** түймесін басыңыз.
- 3 **[Т.О.Р. шолу]** таңдап, одан кейін **OK** түймесін басыңыз.  
↳ Т.О.Р.шолуы пайда болады.
- 4 Тақырыпты таңдаңыз.
- 5 Бетті көру үшін **OK** түймесін басыңыз.

---

## 2.5 телемәтін нұсқасын пайдалану

2.5 телемәтін нұсқасы бірқалыпты телемәтінге қарағанда көбірек түстер мен жақсырақ сызбаларды ұсынады. Егер 2.5 телемәтін нұсқасы арна арқылы таратылса, ол әдепкі мәні бойынша қосылады.

- 1 **▲** түймесін басыңыз.
- 2 **[Баптау] > [Теледидар параметрле] > [Таңдаулар] > [Телемәтін 2.5]** тармақтарын таңдаңыз.
- 3 **[Қосулы]** немесе **[Ажыратулы]** таңдаңыз, растау үшін **OK** түймесін басыңыз.

---

## Сүйікті арналардың тізімін құру және пайдалану

Қалаған телеарналарыңызды оңай тауып алу үшін сол арналардың тізімдерін құрып қоюға болады.

---

## Сүйікті арналардың тізімін ғана көру

- 1 Теледидарды көріп отырған кезде **Q FIND** түймесін басыңыз.  
↳ Арнаның матрицалық мәзірі көрсетіледі.
- 2 **☰ OPTIONS** түймесін басыңыз.
- 3 **[Тізімді таңдау] > [Таңдаулылар]** параметрін таңдап, **OK** түймесін басыңыз.  
↳ Тек сүйікті тізімдегі арналар арналар кестесіне шығады.

---

### Есте сақтаңыз

- Сүйікті тізімдерге арналар қосқанша, сүйікті арналар кестесі бос болады.

---

## Барлық арналарды көру

Сүйікті тізімнен шығып, барлық орнатылған арналарды көруге болады.

- 1 Теледидарды көріп отырған кезде **Q FIND** түймесін басыңыз.  
↳ Арнаның матрицалық мәзірі көрсетіледі.
- 2 **☰ OPTIONS** түймесін басыңыз.
- 3 **[Тізімді таңдау] > [Барлығы]** параметрін таңдап, **OK** түймесін басыңыз.  
↳ Арналар кестесінен барлық арналар көрсетіледі.

---

### Есте сақтаңыз

- Арналар кестесін көрген кезде, барлық сүйікті арналар жұлдызшамен белгіленеді.

## Таңдаулылар тізімін басқару

- 1 Теледидарды көріп отырған кезде **Q FIND** түймесін басыңыз.  
↳ Арнаның матрицалық мәзірі шығады.
- 2 **≡ OPTIONS** түймесін басыңыз.
- 3 **[Тізімді таңдау] > [Барлығы]** параметрін таңдап, **OK** түймесін басыңыз.
- 4 **≡ OPTIONS** түймесін басыңыз.
- 5 **[Таңд. рет. таңб.]** немесе **[Сүйікті деген білгіні алып тас]** параметрлерін таңдап, **OK** түймесін басыңыз.  
↳ Арна сүйікті тізімге қосылады немесе одан жойылады.

### Есте сақтаңыз

- Барлық сүйікті арналар арналар кестесінде жұлдызшамен белгіленген.

## Электрондық бағдарламалар нұсқаулығын пайдалану

Бағдарлама нұсқаулығы — сандық арналарға арналған экрандық нұсқаулық. Ол төмендегіні орындауға мүмкіндік береді:

- Хабар таратып тұрған сандық бағдарламалар тізімін көру
- Келетін бағдарламаларды көру
- Бағдарламаларды жанр бойынша топтастыру
- Бағдарламалар іске қосылғанда еске салуларды орнату
- Қажетті бағдарлама нұсқаулығының арналарын орнату

### EPG нұсқаулығын қосу

- 1 **⬆** түймесін басыңыз.
- 2 **[Бағдарлама нұсқаулығы]** таңдап, одан кейін **OK** түймесін басыңыз.  
↳ Бағдарлама нұсқаулығы жоспарланған бағдарламалар туралы ақпаратты көрсете отырып шығады.

### Есте сақтаңыз

- Бағдарлама нұсқаулығының деректері тек таңдалған елдерде қолданылады және оны жүктеуге біраз уақыт кетуі мүмкін.

## Бағдарлама нұсқаулығының опцияларын өзгерту

Еске салуларды орнатуға немесе өшіруге, күнді өзгіртуге, бағдарлама нұсқаулығының опциялар мәзіріндегі басқа пайдалы опцияларға кіруге болады.

- 1 **⬆** түймесін басыңыз.
- 2 **[Бағдарлама нұсқаулығы]** таңдап, одан кейін **OK** түймесін басыңыз.
- 3 **≡ OPTIONS** түймесін басыңыз.  
↳ Бағдарлама нұсқаулығының мәзірі пайда болады.
- 4 Келесі опциялардың біреуін таңдап, **OK** түймесін басыңыз.
  - **[Еске салу. орн.] / [Еске салуларды өшіру]:** Бағдарламаның еске салуларын орнатады немесе өшіреді.
  - **[Күнді өзгерту]:** Бағдарлама нұсқаулығының күнін орнатады.
  - **[Қосымша ақпарат]:** Бағдарлама ақпаратын көрсетеді.
  - **[Жанр бойынша іздеу]:** Телебағдарламаларды жанр бойынша іздеу.
  - **[Кестедегі еске салу]:** Бағдарламаның еске салуларының тізімін береді. Тек алдағы бағдарламаларға қол жетімді.
  - **[EPG деректерін алу]:** Соңғы бағдарлама нұсқаулығының ақпаратын жаңартады.

---



## Теледидар сағатын көрсету

Теледидар экранынан сағатты көрсетуге болады. Сағат телевизиялық қызмет көрсету операторынан алынған уақыт деректерін пайдалана отырып, ағымдағы уақытты көрсетеді.

---

## Теледидардың сағатын қолмен орнату

Кейбір елдерде теледидардың сағатын қолмен орнату керек.

- 1  түймесін басыңыз.
- 2 [Баптау] > [Теледидар параметрле] > [Таңдаулар] > [Сағат] тармақтарын таңдаңыз.
- 3 [Авто сағат] таңдап, одан кейін **OK** түймесін басыңыз.
- 4 [Қол режимі] таңдап, одан кейін **OK** түймесін басыңыз.
- 5 [Уақыт] немесе [Күні] параметрлерін таңдап, **OK** түймесін басыңыз.
- 6 Уақыт пен күнді орнату үшін **Жылжу түймелері** түймесін басыңыз.
- 7 [Дайын] таңдап, одан кейін **OK** түймесін басыңыз.
- 8 Шығу үшін  түймесін басыңыз.


---

### Есте сақтаңыз

- Егер таңдалған елде сандық хабар тарату жүйесі болса, сағат теледидардың операторынан алынған уақыт деректерін басым етіп көрсетеді.

---

## Теледидар сағатын көрсету

- 1 Теледидарды көріп отырған кезде  **OPTIONS** түймесін басыңыз.  
↳ Опциялар мәзірі көрсетіледі.
- 2 [Сағат] тармағын таңдаңыз.  
↳ Сағат көрсетіледі.
- 3 **OK** түймесін басыңыз.


---

### Есте сақтаңыз

- Сағатты өшіру үшін процедураны қайталаңыз.

---

## Сағат режимін өзгерту

- 1  түймесін басыңыз.
- 2 [Баптау] > [Теледидар параметрле] > [Таңдаулар] > [Сағат] > [Авто сағат] тармақтарын таңдаңыз.
- 3 [Автоматты] немесе [Қол режимі] параметрлерін таңдап, **OK** түймесін басыңыз.


---

## Уақыт белдеуін өзгерту

---

### Есте сақтаңыз

- Бұл опция [Авто сағат] > [Автоматты] таңдалғанда ғана (сағат деректерін жібереті елдерде) қол жетімді.

- 1  түймесін басыңыз.
- 2 [Баптау] > [Теледидар параметрле] > [Таңдаулар] > [Сағат] > [Уақыт белдеуі] тармақтарын таңдаңыз.
- 3 Уақыт белдеуін таңдаңыз.
- 4 Растау үшін, **OK** түймесін басыңыз.

## Жаздық уақытты пайдалану



### Есте сақтаңыз

- Бұл опция [Авто сағат режимі] > [Қол режимі] параметрлері таңдалған кезде ғана қатынаулы болады.

- 1 түймесін басыңыз.
- 2 [Баптау] > [Теледидар параметрле] > [Таңдаулар] > [Сағат] > [Жаздық] параметрлерін таңдап, ОК түймесін басыңыз.
- 3 [Стандартты уақыт] немесе [Жаздық уақыт] параметрлерін таңдап, ОК түймесін басыңыз.

## Таймерлерді пайдалану

Белгілі бір уақытта теледидарды күту режиміне қосу үшін таймерлерді орнатуға болады.



### Keңес

- Таймерлерді пайдаланар алдында теледидардың сағатын орнатыңыз.

## Теледидарды күту режиміне автоматты қосу (түнгі таймер)

Алдын ала қойылған уақыт кезеңінен кейін, түнгі таймер теледидарды күту режиміне ауыстырады.



### Keңес

- Кері есеп кезінде теледидарды ертерек өшіруге немесе автоматты өшіру таймерін нөлдеуге болады.

- 1 түймесін басыңыз.
- 2 [Баптау] > [Теледидар параметрле] > [Таңдаулар] > [Ұйқы таймері] тармақтарын таңдаңыз.  
↳ [Ұйқы таймері] мәзірі шығады.
- 3 Нөл мен 180 минуттың арасынан бір мәнді таңдаңыз.  
↳ Нөлді таңдасаңыз, түнгі таймер өшіріледі.
- 4 Автоматты өшіру таймерін қосу үшін ОК түймесін басыңыз.  
↳ Теледидар көрсетілген уақыттан кейін күту режиміне қосылады.

## Қажетсіз мазмұнды құлыптау

Теледидардың басқару органдарын құлыптау арқылы балаларыңызға белгілі бір бағдарламаларды немесе арналарды көрсетпеуге болады.

## Кодты орнату немесе өзгерту

- 1 түймесін басыңыз.
- 2 [Баптау] > [Арна параметрлері] > [Балалардан құлпы] тармақтарын таңдаңыз.
- 3 [Кодты орнату] немесе [Кодты өзгерту] тармағын таңдаңыз.  
↳ [Кодты орнату] / [Кодты өзгерту] мәзірі пайда болады.
- 4 Кодты **Санды түймелер** арқылы енгізіңіз.  
↳ Жаңа PIN кодын беру немесе өзгерту үшін экрандағы нұсқауларды орындаңыз.



### Keңес

- Егер сіз кодыңызды ұмытып қалсаңыз, бар кодтарды ауыстырып алу үшін '8888' енгізіңіз.

---

## Бір не одан көп арналарды кілттеу немесе кілттен ашу

- 1 **▲** түймесін басыңыз.
- 2 **[Баптау]** > **[Арна параметрлері]** > **[Балалардан құлпы]** > **[Арнаны құлыптау]** тармақтарын таңдаңыз.  
↳ Арналардың тізімі көрсетіледі.
- 3 Құлыптайтын немесе құлыптан ашатын арнаны таңдаңыз, кейін **OK** түймесін басыңыз.  
↳ Арнаны бірінші рет құлыптағанда немесе құлпын шешкенде, PIN кодын енгізуді сұрайды.
- 4 Кодты енгізіп, **OK** түймесін басыңыз.  
↳ Егер арна құлыпталған болса, құлыптың белгішесі шығады.
- 5 Басқа арналарды құлыптау немесе құлпын ашу үшін осы процесті қайталаңыз.
- 6 Құлыптарды іске қосу үшін теледидарды қосыңыз және өшіріңіз.  
↳ **CH** - немесе **CH +** арқылы арналарды ауыстырғанда, құлыпталған арналар өткізіледі.  
↳ Арналар кестесінен құлыпталған арналарға кірсенде, PIN кодын енгізу сұралады.

---

## Ата-аналық құлып деңгейлерін орнату

Кейбір сандық хабар тарату стансалары бағдарламаларын жасқа қарай анықтайды. Теледидарды тек балаңыздың жасынан кіші жас деңгейлері орнатылған бағдарламаларды көрсететін етіп қоюға болады.

- 1 **▲** түймесін басыңыз.
- 2 **[Баптау]** > **[Арна параметрлері]** > **[Балалардан құлпы]** > **[Ата-ана рейтингі]** тармақтарын таңдаңыз.  
↳ Код орнату экраны шығады.
- 3 Кодыңызды **Санды түймелер** арқылы енгізіңіз.  
↳ Деңгейлер мәзірі шығады.
- 4 Жас деңгейін таңдап, **OK** түймесін басыңыз.
- 5 Шығу үшін **▲** түймесін басыңыз.

---

## Scenea функциясын пайдалану

Әдепкі суретті теледидардағы тұсқағаз ретінде көрсетуге болады. Сондай-ақ, басқа суретті тұсқағаз ретінде жүктеуге болады. Егер түнгі режим таймері өшірілген болса, тұсқағаз 240 минут көрсетіледі. Немесе, ол автоматты өшу таймерінің уақыты бойынша көрсетіледі.

---

## Scenea функциясын ауыстыру

- 1 **▲** түймесін басыңыз.
- 2 **[Scenea]** таңдап, одан кейін **OK** түймесін басыңыз.  
↳ Ешқандай сурет орнатылмаса, әдепкі сурет көрсетіледі.  
↳ Өзгертілген Scenea суреті жүктелсе, сурет көрсетіледі. (ақылдасу 'Scenea суретін өзгертіңіз.' бет 25)

## Scenea суретін өзгертіңіз.

Сондай-ақ, басқа суретті тұсқағаз ретінде жүктеуге болады.



### Есте сақтаңыз

- Жаңа Scenea суретін жүктегенде, ол ағымдағы Scenea суретті жояды.
- Тұсқағаз ретінде басқа суретті пайдалану үшін, ішінде өлшемі 1 Мб-тан кіші суреті бар USB жад құрылғысы қажет.

- 1 USB жад құрылғысына өлшемі 1 Мб-тан кіші суретті жүктеңіз.
- 2 USB құрылғысын теледидарға жалғаңыз.
- 3 түймесін басыңыз.
- 4 **[USB шолу]** таңдап, одан кейін **OK** түймесін басыңыз.
- 5 Сурет таңдап, **OPTIONS** түймесін басыңыз.
- 6 **[Scenea рет. орн.]** таңдап, одан кейін **OK** түймесін басыңыз.
- 7 Scenea функциясынан шығу үшін кез келген түймені басыңыз.

## Тілді өзгерту

Хабар таратушыға байланысты теледидар арнасы үшін аудио тілін, субтитр тілін немесе екеуін де өзгертуге болады.

Бірнеше аудио тілдері, субтитрлер немесе екеуі де телемәтін немесе DVB-T сандық хабар таратушылар арқылы таратылады. Сандық хабар таратулары бар қос дыбыс хабар таратуларымен субтитр тілін таңдауға болады.

## Мәзір тілін өзгерту.

- 1 түймесін басыңыз.
- 2 **[Баптау]** > **[Теледидар параметрле]** > **[Таңдаулар]** > **[Мәзір тілі]** параметрлерін таңдап, **OK** түймесін басыңыз.
- 3 Тілді таңдап, **OK** түймесін басыңыз.

## Аудио тілін өзгерту

Хабар таратушыда қол жетімді болса, аудио тілін таңдауға болады. Сандық арналар үшін бірнеше тілдер қол жетімді. Аналогтық арналар үшін екі тіл қол жетімді.

- 1 Теледидарды көріп отырған кезде **OPTIONS** түймесін басыңыз.
- 2 Сандық арналар үшін **[Аудио тіл]** түймесін таңдаңыз, тілді таңдаңыз, кейін **OK** түймесін басыңыз.
- 3 Аналогтық арналар үшін **[Қосарлы I-II]** түймесін таңдаңыз, тілді таңдаңыз, кейін **OK** түймесін басыңыз.

## Субтитрлерді көрсету немесе жасыру

- 1 Теледидарды көріп отырған кезде **SUBTITLE** түймесін басыңыз.
- 2 Келесіден біреуін таңдап, **OK** түймесін басыңыз.
  - **[Субтитр қосулы]:** Субтитрлерді әрқашан көрсету
  - **[Субтитр өшірулі]:** Субтитрлерді ешқашан көрсетпеу
  - **[Дыбыс өшірілгенде қо]:** Аудио өшірулі болғанда, субтитрлерді көрсету



### Есте сақтаңыз

- Әрбір аналогты арнада субтитрлерді қосу үшін осы тәртіпті қайталаңыз.
- Субтитрлерді өшіру үшін **[Субтитрлар]** > **[Субтитр өшірулі]** параметрлерін таңдаңыз.



## Сандық арналарда субтитрдің тілін таңдау



### Есте сақтаңыз

- Сандық телеарнада субтитр тілін төменде көрсетілгендей етіп таңдаған кезде, орнату мәзіріне орнатылған қажетті субтитр тілі уақытша басым болады.

- 1 Теледидарды көріп отырған кезде **≡ OPTIONS** түймесін басыңыз.
- 2 **[Субтитр тілі]** таңдап, одан кейін **OK** түймесін басыңыз.
- 3 Субтитрдің тілін таңдаңыз.
- 4 Растау үшін, **OK** түймесін басыңыз.

## USB жад құрылғысында фото суреттерді, музыканы және бейнелерді ойнату



### Абайлаңыз

- Philips компаниясы USB еске сақтау құрылғысы қолданылатын-қолданылмайтынына жауап бермейді немесе зақымдануға не құрылғыдан деректердің жоғалуына жауапкершілік артпайды.

USB жад құрылғысын ондағы фото суреттерді, музыканы немесе бейнелерді ойнату үшін қосыңыз.

- 1 Теледидарды қосыңыз.
- 2 USB құрылғысын теледидардың жанындағы USB портына жалғаңыз.
- 3 **⬆** түймесін басыңыз.
- 4 **[USB шолу]** таңдап, одан кейін **OK** түймесін басыңыз.  
↳ USB браузері шығады.

## Суреттерді көру

- 1 USB браузерінен **[Сурет]** түймесін таңдаңыз, кейін **OK** түймесін басыңыз.
- 2 Фото суретті немесе фото альбомды таңдаңыз, кейін теледидар экранымен сәйкес келетіндей үлкейтілген фото суретті көру үшін **OK** түймесін басыңыз.
  - Келесі немесе алдыңғы фото суретті көру үшін **◀▶** түймесін басыңыз.
- 3 Қайту үшін **↶** түймесін басыңыз.

## Фото суреттерді слайдшоумен көру

- 1 Фото суреттің толық экрандағы бейнекескіні көрсетілгенде, **OK** түймесін басыңыз.  
↳ Слайдшоу таңдалған фото суреттен басталады.
  - Ойнатуды басқару үшін келесі түймешіктерді басыңыз:
    - **▶** ойнату
    - **||** пауза жасау
    - **◀** немесе **▶** алдыңғы немесе келесі суретті ойнату
    - **■** тоқтату
  - Қайту үшін **↶** түймесін басыңыз.

## Слайдшоу параметрлерін өзгерту

- 1 Слайдшоуды көру кезінде **≡ OPTIONS** түймесін басыңыз.  
↳ Слайдшоу опциялар мәзірі көрсетіледі.
- 2 Келесіден біреуін таңдап, **OK** түймесін басыңыз.
  - **[Сл.көр.баст./тоқ.]:** Слайдшоуды бастайды немесе тоқтатады.
  - **[Сл. көрм. ау.]:** Бір суреттен екіншісіне өтуді орнату.
  - **[Сл. көрм. жиіл.]:** Әр фото суреттің көрсетілу уақытысын таңдау
  - **[Қайталау] / [Бір рет ойнату]:** Қалтадағы суреттерді тек бір рет немесе қайталап көру.

- **[Араластыру өшірулі] / [Араластыру қосулы]:** Суреттерді ретімен немесе еркін ретпен көру.
- **[Кескінді бұру]:** Фото суретті бұру
- **[Ақпаратты көрсету]:** Суреттің атауын, күнін, өлшемдерін және слайдшоудағы келесі суретті көрсету
- **[Scenea рет. орн.]:** Теледидар тұсқағазы ретінде таңдалған суретті орнату. (ақылдасу 'Scenea функциясын пайдалану' бет 24)








3 Қайту үшін  түймесін басыңыз.

### Есте сақтаңыз








- **[Кескінді бұру]** және **[Ақпаратты көрсету]** слайдшоу паузада тұрғанда ғана шығады.

- **[Қайталау]:** Өлеңді бір рет немесе қайталап ойнату
- **[Араластыру қосулы] / [Араластыру өшірулі]:** Өлеңдерді ретімен немесе еркін ретпен ойнату.
- **[Ақпаратты көрсету]:** Файл атауын көрсету


## Бейнені көру

- 1 USB браузерінен **[Бейне]** түймесін таңдаңыз, кейін **OK** түймесін басыңыз.
- 2 Ойнату үшін **OK** түймесін басыңыз.
- 3 Ойнатуды басқару үшін ойнату түймелерін басыңыз:
  -  ойнату
  -  пауза жасау
  -  немесе  алдыңғы немесе келесі бейнені ойнату
  -  немесе  алға немесе артқа іздеу
  -  тоқтату


## Музыканы тыңдау

- 1 USB браузерінен **[Әуен]** түймесін таңдаңыз, кейін **OK** түймесін басыңыз.
- 2 Музыкалық жолды немесе альбомды таңдаңыз, кейін ойнату үшін **OK** түймесін басыңыз.
- 3 Ойнатуды басқару үшін ойнату түймелерін басыңыз:
  -  ойнату
  -  пауза жасау
  -  немесе  алдыңғы немесе келесі жолды ойнату
  -  немесе  алға немесе артқа іздеу
  -  тоқтату

## Бейне параметрлерін өзгерту

- Бейнені ойнату кезінде, келесі параметрлердің біріне өту үшін  **OPTIONS** түймесін басыңыз, кейін **OK** түймесін басыңыз.
  - **[Ойнатуды тоқтату]:** Бейненің ойнатылуын тоқтату.
  - **[Қайталау]:** Бір рет немесе қайталай ойнату.
  - **[Толық экран] / [Кіші экран]:** Бейнені экран форматында немесе өзінің нақты сурет форматында көріңіз.
  - **[Араластыру қосулы] / [Араластыру өшірулі]:** Өлеңдерді ретімен немесе еркін ретпен ойнату.
  - **[Ақпаратты көрсету]:** Файл атауын көрсету

## Музыка параметрлерін өзгерту

- Музыканы ойнату кезінде, келесі параметрлердің біріне өту үшін  **OPTIONS** түймесін басыңыз, кейін **OK** түймесін басыңыз.
  - **[Ойнатуды тоқтату]:** Музыканың ойнатылуын тоқтату.

---

## Слайдшоуды музыкамен көру

Суреттердің слайдтарын музыкалық фонмен көруге болады.

- 1 Өлеңдер альбомын таңдаңыз.
- 2 **OK** түймесін басыңыз.
- 3 USB мазмұнын шолуға оралу үшін ↩ түймесін басыңыз.
- 4 Суреттер альбомын таңдаңыз.
- 5 **OK** түймесін басыңыз.  
↳ Слайдшоу басталады.
- 6 Шығу үшін ↩ түймесін басыңыз.

---

## USB еске сақтау құрылғысын ажырату



### Абайлаңыз

- USB еске сақтау құрылғысын зақымдауға жол бермеу үшін мына тәртіпті орындаңыз.

- 1 USB браузерінен шығу үшін ↩ түймесін басыңыз.
- 2 Бес секунд күтіп, USB еске сақтау құрылғысын ажыратыңыз.

---

## Сандық радио арналарды тыңдау

- 1 **Q FIND** түймесін басыңыз.  
↳ Арнаның матрицалық мәзірі көрсетіледі.
- 2 **☰ OPTIONS** түймесін басыңыз, одан кейін **[Тізімді таңдау] > [Радио]** таңдаңыз.  
↳ Радио арналар кестесі шығады.
- 3 Радио арнаны таңдаңыз және **OK** түймесін тыңдау үшін басыңыз.

---

## Теледидардың бағдарламалық жасақтамасын жаңарту

Philips компаниясы өнімдерін үнемі жақсартып отыруға тырысады, сондықтан біз жаңартулар қол жетімді болған кезде теледидардың бағдарламалық жасақтамасын жаңартуды ұсынамыз.

---

## Теледидардың бағдарламалық құралының жаңарту жолдары

Теледидардың бағдарламалық құралын келесі жолдардың бірі арқылы жаңартуға болады:

A: USB жад құрылғысымен бірге,

B: сандық хабар таратулар арқылы сұралған кезде немесе

C: сандық хабар таратулар арқылы сұралғаннан кейін.

---

## A: USB құрылғысы арқылы жаңарту

USB құрылғысы арқылы жаңарту үшін сізге қажет:


- Бос USB флэш-жады. USB флэш-жады FAT немесе DOS-форматталған болуы керек. USB қатты дискісін қолданбаңыз.
- Интернетке қосылған компьютер
- ZIP файл пішімін қолдайтын мұрағаттау қызметтік бағдарламасы (мысалы, WinZip® for Microsoft® Windows® немесе Stuffit® for Macintosh®).

---


## 1-қадам: Ағымдағы бағдарламалық құрал нұсқасын тексеру


- 1 **▲** түймесін басыңыз.
- 2 **[Баптау] > [Бағд. құрал параметр-і] > [Ағымдағы бағдарламал] тармақтарын таңдаңыз.**  
↳ Ағымдағы бағдарламалық құралдың ақпараты көрсетіледі.
- 3 Бағдарламалық құралдың нұсқа нөмірін жазыңыз.
- 4 Қайту үшін **OK** түймесін басыңыз.
- 5 Шығу үшін ↩ түймесін басыңыз.

## 2-қадам: Бағдарламалық құралдың соңғы нұсқасын жүктеу және жаңарту

- 1 USB құрылғысын жалғаңыз.
- 2  түймесін басыңыз.
- 3 **[Баптау] > [Бағд. құр. жаңарту]** тармақтарын таңдаңыз.
- 4 USB жад құрылғысына файлды жүктеу үшін нұсқаулыққа қараңыз.
- 5 USB жад құрылғысын компьютерге қосыңыз, кейін файлды екі рет басыңыз.  
↳ Веб-бет ашылады.
- 6 Веб-беттегі нұсқаулықтарды орындаңыз.
  - Ағымдағы бағдарламалық құралдың нұсқасы соңғы бағдарламалық құралдың жаңарту файлына сәйкес келсе, теледидардың бағдарламалық құралын жаңарту қажет болмайды.
  - Ағымдағы бағдарламалық құралдың нұсқасы соңғы бағдарламалық құралдың жаңарту файлынан аз болса, соңғы бағдарламалық құралдың жаңарту файлына USB құрылғысының түбірлік каталогына жүктеңіз.
- 7 USB жад құрылғысын компьютерден ажыратыңыз.


## 3-қадам: Теледидардың бағдарламалық құралын жаңарту

- 1 USB еске сақтау құрылғысын теледидарға қосыңыз.  
↳ Теледидар USB флэш-жадын тауып, бағдарламалық құрал нұсқасын іздей бастайды.
- 2 Хабар бағдарламалық құралды жаңартуды сұраса, теледидардың бағдарламалық құралын жаңарту экрандағы нұсқауларды үшін орындаңыз.
- 3 Хабар көрсетілмесе, келесі қадамдарды орындауды жалғастырыңыз:
- 4  түймесін басыңыз.

- 5 **[Баптау] > [Бағд. құрал параметрі] > [Жерг. жаңартулар]** тармақтарын таңдаңыз.
- 6 Жүктеген файлды таңдап, теледидардың бағдарламалық құралын қолмен жаңарту үшін **OK** түймесін басыңыз.
- 7 Жаңартуды аяқтау үшін экрандағы нұсқауларды орындаңыз.
- 8 Шығу үшін  түймесін басыңыз.

## В: Сандық хабар таратулар арқылы сұралған кезде жаңарту

Сандық хабар таратуларды (DVB-T) алғанда, теледидар бағдарламалық құралдардың жаңартуын автоматты түрде алады. Теледидар бағдарламалық құралдардың жаңартуын алғанда, ол теледидардың бағдарламалық құралын жаңартуды сұрайды.

- 1  түймесін басыңыз.
- 2 **[Баптау] > [Бағд. құрал параметрі] > [Хабарландыру]** тармақтарын таңдаңыз.
- 3 Бағдарламалық құралды жаңартуды сұрайтын хабар шықса, жаңартуды бастау үшін нұсқауларды орындаңыз.  
↳ Бағдарламалық жасақтаманы жаңарту аяқталған соң, теледидар қайта іске қосылады.
- 4 Бағдарламаны жаңартуды қаламасаңыз, **[Баптау] > [Бағд. құрал параметрі] > [Хабарландыруды жою]** таңдаңыз, кейін **OK** басыңыз.




### Есте сақтаңыз

- Жаңартуды өткізсеніз, кейінірек оны қолмен жаңарта аласыз. (ақылдасу 'С: Сандық хабар тарату арқылы жаңартуларды тексеру' бет 30)

---

## С: Сандық хабар тарату арқылы жаңартуларды тексеру


Сандық хабар тарату арқылы жаңартулардың қол жетімді екенін тексеруге болады.

- 1  түймесін басыңыз.
- 2 [Баптау] > [Бағд. құрал парам-рі] > [Негізгі жаңартуларды тексеру] тармақтарын таңдаңыз.
- 3 Жаңарту қол жетімді болса, экрандық нұсқауларды жаңартуды бастау үшін орындаңыз.
  - ↳ Бағдарламалық жасақтаманы жаңарту аяқталған соң, теледидар қайта іске қосылады.

---



## Теледидар артықшылықтарын өзгерту

Теледидардың параметрлерін реттеу үшін параметрлер мәзірін пайдаланыңыз.

- 1  түймесін басыңыз.
  - 2 [Баптау] > [Теледидар параметрле] > [Таңдаулар] тармақтарын таңдаңыз.
  - 3 Келесіден біреуін таңдап, **OK** түймесін басыңыз.
    - **[Мәзір тілі]:** Мәзір тілін таңдайды.
    - **[Ұйқы таймері]:** Алдын ала анықталған уақыттан кейін теледидарды күту режиміне ауыстырады.
    - **[Орын]:** Теледидар параметрлерін орналасқан жеріңізге (үйге немесе дүкенге) оңтайландырады.
    - **[Е-жапсырғыш]:** (Тек дүкен режимі үшін) Электрондық стикерді қосады немесе өшіреді.
    - **[Үнділік жолағы]:** Дыбыс қаттылығын өзгерткенде дыбыс қаттылығының жолағын көрсетеді.
- **[Автоматты өшіру]:** Қуатты үнемдеу үшін әрекетсіз күйден кейін теледидарды автоматты түрде күту режиміне ауысуға орнатады. Бұл теледидар электр қуатын үнемдеу параметрлерімен жасалған. Төрт сағат бойы пайдаланушының ешқандай әрекеті (мысалы, қашықтан басқару пультінің түймесін немесе алдыңғы панельдегі басқару элементін басу) болмаса, теледидар күту режиміне автоматты түрде ауысады.
  - **[Арна ақпаратының көлемі]:** Арналарды ауыстырғанда көрсетілетін ақпарат түрін өзгертеді.
  - **[Әмбебап кіру]:** Әмбебап қатынас мәзірін қосады немесе өшіреді.
  - **[Перне дыб.]:** Қашықтан басқару пультіңдегі немесе теледидардағы түймелерді басқанда, дыбыстық реакцияны қосады.
  - **[Аудио шығ. кідірісі]:** Теледидардағы кескінді жалғанған үй кинотеатрының дыбысымен автоматты түрде синхрондайды.
  - **[Теледидар қалпы]:** Қалай бекітілгеніне қарай теледидарға ең жақсы параметрлерді қолданады.
  - **[Телемәтін 2.5]:** 2.5 телемәтінін қосады немесе өшіреді. (Сандық теледидарға арналады)
  - **[Сағат]:** Теледидарда уақытты көрсетеді немесе жояды және сағат опцияларын орнатады.


## Теледидардың демонстрация режимін іске қосу

Теледидардың мүмкіндіктерін жақсы түсіну үшін демонстрацияларды пайдалануға болады. Кейбір демонстрациялар белгілі бір модельдерде болмайды. Қол жетімді демонстрациялар мәзірлер тізімінде көрсетіледі.

- 1 Теледидарды көріп отырған кезде  түймесін басыңыз.
- 2 [Баптау] > [Демонст. көру], ОК тармақтарын таңдаңыз.
- 3 Демо режимді таңдаңыз, сосын оны көру үшін ОК түймесін басыңыз.
- 4 Шығу үшін  түймесін басыңыз.

## Теледидардың зауыттық параметрлерін қалпына келтіру

Теледидардың әдепкі сурет және дыбыс параметрлерін қалпына келтіруге болады. Арналарды орнату параметрлері сол қалпында қалады.

- 1  түймесін басыңыз.
- 2 [Баптау] > [Теледидар параметрле] > [Зау. орнатымдар] тармақтарын таңдап, ОК түймесін басыңыз.
- 3 Кодты енгізу сұралса, ата-аналық құлып кодын енгізіңіз. (ақылдасу 'Кодты орнату немесе өзгерту' бет 23)  
↳ Растау хабары көрсетіледі.
- 4 Растау үшін, ОК түймесін басыңыз.

# 6 Арналарды орнату

Теледидарды бірінші рет орнатқанда, сізге мәзір тілін таңдауға және теледидар және сандық радио арналарын (болған жағдайда) орнатуға нұсқау береді. Содан кейін қайта орнатуға және арналарды дұрыс орнатуға болады.


## Арналарды автоматты түрде орнату

Арналарды автоматты түрде іздеуге және сақтауға болады.

### Есте сақтаңыз

- Егер балалардан қорғау кодын орнатпасаңыз, кодты орнатуға кеңес беріледі (ақылдасу 'Кодты орнату немесе өзгерту' бет 23).

## 1-қадам: Мәзір тілін таңдау


- 1  түймесін басыңыз.
- 2 [Баптау] > [Теледидар параметрле] > [Таңдаулар] > [Мәзір тілі] параметрлерін таңдап, **OK** түймесін басыңыз.
- 3 Тілді таңдап, **OK** түймесін басыңыз.

## 2-қадам: Арналарды іздеу

Теледидар алғаш қосылғанда арналардың толық орнатылуы жасалды. Тілді, елді және барлық қол жетімді телеарналарды орнату үшін осы толық орнатуды қайта орындауға болады.



### Есте сақтаңыз

- Таңдалған модельдер үшін кейбір параметрлер әр түрлі болады.

- 1  түймесін басыңыз.
- 2 [Баптау] > [Арналарды іздеу] параметрін таңдап, **OK** түймесін басыңыз.
- 3 [Арналарды қайта орнату] таңдап, одан кейін **OK** түймесін басыңыз.  
↳ Елдер мәзірі көрсетіледі.
- 4 Елді таңдаңыз, кейін **OK** түймесін басыңыз.  
↳ Желілер мәзірі көрсетіледі.
- 5 Желіні таңдап, **OK** түймесін басыңыз.
  - [Антенна]: тегін антеннаны немесе сандық DVB-T арналарын пайдалану.
  - [Кабель]: кабельді немесе сандық DVB-C арналары үшін.
- 6 Бар болса, басқа параметрлерді таңдау үшін экрандағы нұсқауларды орындаңыз.  
↳ Арналарды іздеудің бастапқы мәзірі көрсетіледі.
- 7 [Бастау] таңдап, одан кейін **OK** түймесін басыңыз.  
↳ Қол жетімді барлық арналар сақталады.
- 8 Шығу үшін **OK** түймесін басыңыз.

## Арналар тізімін жаңарту

Теледидар күту режимінде тұрғанда, арналарды автоматты түрде жаңартуды қосуға болады. Теледидарға сақталған арналар хабар тарату стансасындағы арналар туралы ақпаратқа сәйкес күнделікті таңертең жаңартылып отырады.

- 1  түймесін басыңыз.
- 2 [Баптау] > [Арна параметрлері] > [Арнаны орнату] > [Арнаны автоматты түрде жаңарту] тармақтарын таңдаңыз.
- 3 Автоматты жаңартуды іске қосу үшін, [Қосулы] немесе оны ажырату үшін [Ажыратулы] тармағын таңдаңыз.
- 4 Қайту үшін  түймесін басыңыз.

## Аналогтық арналарды қолмен орнату

